



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ СУДЬЯЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Районная общественно-политическая газета

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басынан қызметін бастаған Конституциялық Соттың жаңа әкімшілік ғимаратына барып, тағайындалған судьялармен кездесті.

Мемлекет басшысы Конституциялық Сотел өмірінде айрықша рөл атқаратын орган екенін атап өтіп, бұған дейін 27 жыл бойы табысты жұмыс істеген Конституциялық Кеңес мүшелеріне және онда әр кезеңде еңбек еткен қызметкерлерге алғыс айтты.

Бүгінде Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты, бұрын-соңды болмаған бірегей саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазіргі таңда дүниежүзінде дәл осындай ауқымды, мазмунды реформалар жасап жатқан ел бірен-саран. Бұл – ақиқат. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Қазақстан реформатор мемлекетке айналды. Жалпы, елімізде көптеген өзгеріс болып жатыр. Азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға баса мән беріліп отыр. Бұл жұмысқа қоғам өкілдері белсене қатысуға ынталы. Сондықтан мен Конституциялық Сот құру туралы бастама көтердім. Азаматтарымыз жалпыхалықтық референдумда осы және басқа да ұсыныстарға қолдау білдірді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Конституциялық Сот барлық заңдар мен заңға сәйкес актілердің Конституцияға сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс екеніне тоқталды.

– Шын мәнінде, Конституциялық Сот – еліміз ушін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық сотқа тікелей өздері шағымдана алады. Сонымен қатар Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де Конституциялық Сотқа жүгінуге құқығы бар. Жалпы, Прокуратура, Сот, құқық қорғау органдарының жұмысына койылатын талап айтарлықтай күшейеді. Конституциялық депутаттардың және Үкіметтің заң шығару жұмысына оң ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық Сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қоғам Конституциялық Соттың қызметінен оң өзгерістер күтіп отырғанын, қазылардың өз міндетін адал атқаруы халықтың, БАҚ пен халықаралық құрылымдардың жіті назарында болатынын еске салды.

– Қазылардың осы құрамы мемлекеттік маңызы зор міндеттерін табысты атқарып, қоғам мен азаматтардың үмітін ақтайды деп санаймын. Конституциялық Сот



құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар мен түрлі салада көп жылдық тәжірибесі бар заңгерлер кірді. Нәтижесінде теория мен тәжірибе ұштасты. Конституциялық Сот төрағасы

Эльвира Азимова ұзақ уақыт бойы әділет органында қызмет етті, адам құқығын қорғау мәселелерімен айналысты, сондай-ақ халықаралық аренада мемлекет мүддесін қорғады. Оның бұл тәжірибесі жаңа салада зор пайдасын тигізеді. Конституциялық Сот қызметінің нормативтік базасы мен ережелерін әзірлеу бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Енді Конституциялық Соттың қызметі барысында қажеттігіне қарай бұл базаны жетілдіру керек болатын шығар. Жалпы, жаңадан құрылған институт ел аумағында Ата заңның үстемдігін қамтамасыз етуі үшін барлық жағдай жасалды, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, заң үстемдігі қағидатының мызғымастығы еліміздегі саяси реформалардың өзегі саналады. Жүргізіліп жатқан реформалардың саны жағынан, ең бастысы, мазмұны мен сапасы тұрғысынан Қазақстан әлемде көшбасшы елдердің қатарына кіретіні сөзсіз.

– Шын мәнінде, тек былтыр атқарылған жұмыстар біздің қоғамдағы өзгерістердің ауқымы мен терендігі туралы оң әсер қалдырмауы мүмкін емес. Қазақстан мемлекет ретінде

айтарлықтай жаңғырды. Бұл деректі әлемдік қоғамдастық ашық мойында-ды. Оған көптеген халықаралық байланыс пен ең жоғары деңгейдегі кездесулер дәлел. Конституциялық Сот Әділетті Қазақстанның айнасы болады десек, артық айтқандық емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Жаңа, Әділетті Қазақстанның басты қағидаты – әділдік екеніне назар аударып, қазылардың осы маңызды міндетті абыроймен атқаратынына сенім білдірді.

– Халқымыз қара қылды қақ жарған қазыларға ерекше құрметпен, сыйластықпен қарайды, «тура биде туған жоқ» деп судьяларға зор үміт артады. Әрбір шешім Ата заңға сәйкес қабылдануға тиіс. Өйткені бұл, ең алдымен, еліміздің тағдырына ықпал ететін шешімдер болмақ, – деді Президент.

Өз кезегінде Конституциялық Сот Төрағасы Эльвира Азимова Мемлекет басшысына жаңа орган қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері туралы баяндады. Сондай-ақ Конституциялық сот қоғам сұранысы және мемлекет қажеттілігін өтеу үшін аянбай еңбек ететініне сенім білдірді.

akorda.kz.



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ОРТАҒА САЛЫНҒАН КЕЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Ақмола облыстық мәслихатының хатшысы Талғат Тұрлыбекұлы Жүнісов ауданымызға келіп аудандық мәслихат депутаттарымен кездесті. Кездесу барысында мәслихат депутаттары Талғат Тұрлыбекұлының сайлауалды бағдарламасымен танысып, аудан тұрғындарын толғандырған өзекті сұрақтарды ортаға салды.

Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Талғат Тұрлыбекұлының қысқаша өмірдерегіне үңілсек: 1963 жылы Көкшетау облысы Красноармейск ауданы Қарағаш ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары – Көкшетау ауылшаруашылығы институтын, «Фемида» заң академиясын бітірген. Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Инженерлік академиясының академигі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.



Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Президентінің, «АМАНАТ» партиясының Алғыс хаттарымен, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ыбырай Алтынсарин», «Қазақстан Республикасында инженерлік істі дамытуға қосқан үлесі үшін», «Біріккен Еуропа» халықаралық наградасымен және мемлекеттік награда «Құрмет» орденімен марапатталған.

Естеріңізге сала кетсек, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау үстіміздегі жылдың 14-қаңтарында өтеді.

ж. зандыбай.

ТАҒЗЫМ

«ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР»: СЫНАҚ ПЕН САБАҚ

Тарих қойнауына енген 2022 жыл, өкінішке қарай, қаралы қаңтар оқиғасымен басталды. Қазақстан тарихын «Қасіретті қаңтарға» дейін және кейін деп екіге жарған бұл күндер мемлекет болып қайта қалыптасудың, ұлт болып қайта ұйысудың қастерлі межесін көрсетіп берді. Қаңтар қырғыны қоғамды есейтті, сананы сілкінтті. Бәрінен бұрын берекебірлігіміздің қадірін түсіндік. Бірақ, қан төгілді. Жазықсыз жандар зардап шекті. Қоғамдағы үлкен өзгерістің дені нақақтан төгілген қан арқылы келетіні тарихтан белгілі. Өкініштісі, бізге де осы жолдан өтуге тура келді...

Өткен жылдың басында болған бұл оқиға баршамыз үшін сынақ қана емес, үлкен сабақ болды. Өйткені қаңтар қырғыны бізге тыныштық пен тұрақтылықтың, бейбіт өмірдің қадірін түсіндіріп берді. Бұл күндері Қазақ елінің бірлігі ауыр сынға түссе, ауыртпалығын әрқайсымыз жүрекпен сезіндік. Шын мәнінде, жыл басында біз тәуелсіздік алғалы бұрынсоңды болмаған ауыр сынақпен бетпебет келдік. Себебі сын сағатта ең басты қазынамыз – тәуелсіздігіміз таласқа түсті. Жаңаөзенде сұйытылған газ бағасының қымбаттауына қарсы басталған бейбіт шеру өзге өңірлерде жалғасып, халықтық дүмпуге алып келді, соңы қанды қаңтар оқиғаларына ұласты.

Ал қаңтар оқиғасының ең басты қозғаушы күші не? Себебі қандай? Қоғам әлі күнге дейін осы сұрақтарға жауап іздеумен келеді. Қаңтар трагедиясы кезінде алаңға шыққандардың арасында әртүрлі топ болды. Олардың қатарында таққа таласқандар да, елден қашқан олигархтар да, «бір өзгерістің басы болар» деген үміт отын жаққан бейбіт халық та бар. Расында, осы күндері көптен күткен өзгерістің шеті көрінген еді. Алайда тілекшіл қалың қарашаның үміті мен сенімін, арман-тілегін арам пиғылдылар басқа арнаға бұрып жіберді...

Қаңтардың 4-нен 5-не қараған түні Алматыда бөлек әсіресе, Қызылорда, Шымкент, Тараз, Талдықорған, Ақтөбеде шеру соңы жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Күш қолданылды, ғимараттар қиратылып, өртке оранды, мемлекеттің ғана емес, қарапайым халықтың жеке мүлкі тоналды, жойылды, үкімет өкілдеріне қарулы қарсылық көрсетілді. Ертесі күні жағдай мүлде бақылаудан шығып кетті, дүкендер тоналды, көшеде тұрған көліктер өртелді. Қалаларда атыс белең алды. Елдегі осындай хаосты өз пайдаларына шешкісі келген, тіленіп жүрген топтар бой көрсете бастады. Кәнігі қылмыскерлер мен морадер-



лер, діни сектанттар тізгінді өз қолдарына алуға талпынды. Жаппай тәртіпсіздікті пайдаланып дүкен, ірі сауда орталықтарын тіміскілеп, қолына түскенін жымқырғандар да кездесті. Әлеуметтік мәселемен басталып, арты саяси проблемаларды көтерген жаппай тәртіпсіздік салдарынан 238 адам қаза тапты, 3 мыңнан астам адам түрлі дене жарақатын алды. Қаза болғандардың 19-ы күштік құрылымдар қызметкері. Ең өкініштісі, құрбандардың қаралы тізімінде 5 қаңтар күні кешкі сағат 8-дер шамасында анасымен бірге азық-түлік дүкеніне бара жатып оққа ұшқан 12 жасар Сұлтан Қылышбек пен көліктің ішінде келе жатып маңдайына оқ тиіп мерт болған Айкөркем Мелдехан есімді қос періште де бар.

Оқиға салдарынан мың жарымнан аса нысан зардап шекті. Мемлекеттік мекемелер, әкімдіктер, құқық органдарының ғимараттарынан бөлек, дүкендер, ломбардтар, жанармай құю стансалары мен қоғамдық тамақтандыру орындары қиратылды. Мемлекетке 100 млрд теңгеден астам сомаға залал келтірілсе, оның ішінде бизнес нысандарына келген шығын 92 млрд теңгеге жетті.

Тәуелсіздік сынаққа түскен қаңтар қырғыны кезінде ең көп зардап шегіп, шығынға батқан қала – Алматы. Оған осы шаһарда қирап, тас-талқаны шыққан ғимараттар дәлел. «Қасіретті қаңтар» кезінде Алматыдағы бес бірдей телеарнаға шабуыл жасалғаны баршаға белгілі. Ең өкініштісі, қаңтар трагедиясы кезінде ұлттық тележурналистиканың қара шаңырағы саналатын «Qazaqstan»

телеарнасының жылдар бойына жинаған мұрағаттық жазбаларының баға жетпес, түпнұсқадағы аудио-бейне қорының біраз бөлігі жойылып кетті.

Қаңтар оқиғасында құқық қорғау органдары ғимараттарына шабуылдар жасалып, 1 259 табельдік қару ұрланды, оның ішінде автоматтар, тапаншалар мен гранатометтар бар. Қазіргі таңда ұрланған қарудың небәрі 481-і табылды. Бұл барлық ұрланған қарудың үштен бірі ғана.

Жақында Бас прокуратура қаңтар оқиғасына қатысты тергеу жұмысының аяқталуға жақын екенін мәлімдеді. Бір жылға жуық уақыт ішінде істің ақ-қарасы ажыратылып, нақты кінәлілерді анықтауға ерекше мән берілді. Тергеу қорытындысы бойынша осы уақытқа дейін 1249 адам сотталса, олардың дені ұрлық жасап, қаружарақ тонаумен айналысқан, сонымен қатар жаппай тәртіпсіздікке қатысқан. Ал қаңтар қырғынының бел ортасында жүрген 160 адамға бас бостандығынан айырудың нақты мерзімі тағайындалды. Қалғандарына жеңіл жаза белгіленіп отыр.

Естеріңізде болса, 2 қарашада Президент қаңтар оқиғасына қатысушыларға рақымшылық жасау туралы заңға қол қойды. Қараша айында заң күшіне енгенде осы санаттағы 1,5 мың адам рақымшылыққа ілікті. Оның ішінде соттар 9 тұлғаға қатысты қылмыстық істі тоқтатып, 991 сотталушының жаза мерзімін қысқартты. Заң қолданысқа енген сәттен бері рақымшылық актісін қолдану арқылы 94 адам қылмыстық жауаптан босатылды. Тәртіпсіздікті ұйымдастырғандарға, азаптау, экстре-

мизм, терроризм, мемлекетке опасыздық жасағандарға амнистия қолданылмайтыны түсінікті. Сондай-ақ Алматы қаласы, Алматы және Қызылорда облыстықұлттық қауіпсіздік және полиция департаменттерінің бұрынғы басшыларына қатысты тергеу аяқталды. Азаптау деректері бойынша Алматы мен Талдықорған қалаларында ҰҚК мен ІІМ-нің 29 қызметкеріне қатысты қылмыстық іс аяқталды. Соның ішінде 17 іс сотқа жолданды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы басшысы Кәрім Мәсімов пен комитеттің өзге басшыларына қатысты іс сотқа жолданған. Олар «билікті басып алуға әрекеттенді, мемлекетке опасыздық жасады және билікті асыра пайдаланды», деп айыпталып отыр. Сондай-ақ бұрынғы Қорғаныс министрі Мұрат Бектеновтің ісі де сотта қаралады.

«Бейбіт шеру мен қарақшылардың қанды қылмысының арасын ажырата білу керек». Естеріңізде болса, бұл сөзді Алматыда қоғам өкілдерімен болған кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан еді. «Қасіретті қаңтар» еліміз үшін зор сынақ болды. Қасақана әрекет еткен қарақшылар тобы мемлекеттігіміздің тұғырын шайқалтуға тырысты, елдегі тұрақтылықтың тамырына балта шапқысы келді. Біз бұл жерде бір мәселенің басын ашып алуымыз керек. Бейбіт шерулердің себебі – бір бөлек. Ал мемлекеттік төңкеріс жасағысы келгендердің мақсаты – мүлде басқа», деді Мемлекет басшысы.

Бір нәрсе анық. Қаңтар қасіреті қоғамдық құндылықтарды өзгертіп, санамызға түбегейлі төңкеріс жасады. Қоғамдықсаяси, әлеуметтік кеңістігімізде көптеген мәселені қайта қарауға түрткі болды. Әсіресе құқықтық салада.

Қаңтар трагедиясынан кейін есеңгіреп, ес жиған тұста ел билігі бұл оқиға бізге үлкен сабақ болуға тиіс екенін айтты. Ал осы бір жылда не өзгерді? Қанды қырғыннан қандай сабақ алдық? Рас, қаңтар оқиғасынан кейін елімізде күрделі саяси реформа жүргізіле бастады. Бірақ халық қазір жалған ұран мен популизмге емес, нақты іс пен сөзге ғана сенім артады.

ТҮЙІН. Қазақстанның тәуелсіздік тарихы 1986-ның ызғарлы желтоқсанында дүр сілкінді, оянды. Тамырына қан жүгірді. Алайда қанмен келген сол тәуелсіздігіміз бен тыныштығымыз 2022-нің қанды қаңтарында қатты теңселді. «Қасіретті қаңтар» қырғыны әлі ұзақ жазылмайтын жара екені анық. Өйткені қаңтар трагедиясы кезінде алаңда төгілген қанның сұрауы болары анық.

«EGEMEN QAZAQSTAN»

ТРЕБУЕТСЯ ВРЕМЯ НА ОСМЫСЛЕНИЕ ТОГО, ЧТО ПРОИЗОШЛО

АСХАТ КАЛЖАНОВ, ДЕПУТАТ МАСЛИХАТА ГОРОДА АКТОБЕ

Настоящая оценка трагического января будет намного позже, как это случилось с декабрьскими событиями 1986 года.

У нас, в Актобе, пострадавших было не так много, как в Алматы. Тем не менее градус напряжения был достаточно высокий. Есть поговорка, что тараканы выползают в темное время суток, так и в смутное время дают о себе знать люди, о которых мы до этого не слышали, но они претендуют на многое.

Помню, 4 января мы, депутаты, члены Общественного совета, предприниматели, общались с полицейскими, все было в пределах разумного. На площади перед акиматом области была разбита юрта, люди жгли костры, чтобы согреться. Но в здание акимата они не шли. Ситуация изменилась, после того, как госслужащие

покинули рабочие места и было снято оцепление вокруг акимата. Его словно оставили на произвол судьбы...

К счастью, среди собравшихся нашлось много людей благоразумных. Они первыми приняли на себя напор возмущенной толпы, успокаивали ее. Думаю, если бы не наши усилия, то ущерб, нанесенный государству, был бы намного больше, как и человеческих жертв, разрушений.

Безусловно, в толпе было немало провокаторов, которых мы вычисляли. Даже доходило до того, что отбирали мегафон, так как это тоже своего рода оружие. Знаю, некоторые целенаправленно участвовали в погроме, и

теперь суд даст этому соответствующую оценку. Были те, кто хотел воспользоваться моментом. Один человек объявил себя акимом области и принялся назначать заместителей. Дезориентированные горожане шли к нему за советом, давали списки кандидатов на те или иные должности... Понятно, что все это было провокацией, профанацией.

Глава государства своевременно проявил решительность, в том числе применив силу в отношении тех, кто хотел дестабилизировать обстановку в стране. Их имена известны, они находятся под следствием

Январские события должны стать уроком для всех: как для

населения – никогда нельзя переходить условную красную черту, так и для власти – нельзя быть глухой к просьбам и пожеланиям, которые высказывает народ.

Приветствую открытие мемориала «Тағзым». Подобные события нужно помнить. Мы еще не осознаем до конца всю важность Қаңтара, это произойдет лет через 20–30, станут известны истинные имена его героев и антигероев. Это тот Рубикон, через который прошла наша страна.

После декабря 1986-го началась трансформация СССР, Казахстан получил независимость. Точно так же и после января 2022 года начался Новый Казахстан. Власть больше не будет глуха и слепа. Думаю, наш

Казахстан ждет большое будущее. По оценкам многих международных экспертов, уровень свободы слова в нашей стране и экономической свободы стал значительно выше.

Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в открытии мемориала «Тағзым» в Алматы. Именно этот город наиболее пострадал от деструктивных сил, именно Алматы террористы хотели использовать в качестве плацдарма для реализации своих планов. Если бы город пал, то беда перекинулась бы на другие регионы, вызвав цепную реакцию. Слава Всевышнему, что удалось отстоять южный мегаполис, предотвратить еще более страшные события.

«Казахстанская правда».

YKIMET YЙI

Әлихан Смайылов бес басшыларды таныстырды

Алихан Смаилов представил министрліктің ұжымына жаңа коллективам пяти министерств новых руководителей

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Индустрия және инфракурылымдық даму. Экология және табиғи ресурстар, Әділет, Оқу-ағарту, Мәдениет және спорт министрліктерінің ұжымдарына жаңа басшыларды таныстырды.

басшысы Индустрия инфрақұрылымдық даму министрлігінің ұжымына Марат Қарабаевты таныстыра отырып, оның жаңа технологиялар, индустрия және инновациялық даму салаларында жұмыс тәжірибесі мол, өзін мақсатқа қол жеткізуде қажетті ресурстарды жұмылдыра алатын жоғары білікті маман ретінде көрсеткенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқынын және қосымша құны жоғары қайта өңдеу өнімдерін шығаруды ынталандыру, сондай-ақ индустрияның базалық салаларын, логистикалық әлеуетті және көлік инфрақұрылымын дамыту жөнінде маңызды міндеттерді белгіледі», — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар ол геологиялық саланы дамытуға және пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге инвестициялар тартуға ерекше назар аудару қажет екенін айтты.

Премьер-Министр Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ұжымына Зүлфия Сулейменованы таныстыра отырып, ведомство бұрынғы экологиялық мәселелерді, оның ішінде Арал теңізі мен Семей өңіріне қатысты мәселелерді шешу, сондай-ақ су ресурстарын басқару және табиғат пен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі міндеттерге қол жеткізу бойынша жұмысты жандандыруы тиіс екенін атап өтті.

«Ірі кәсіпорындардың зиянды қалдықтарын кезең-кезеңмен төмендетуге қол жеткізу және оларды жаңа технологияларды енгізуге ынталандыру қажет, өйткені бұл азаматтарымыздың денсаулығына тікелей байланысты», — деді Әлихан Смайылов

Әділет министрлігінің ұжымымен кездесуде Премьер-Министр жаңа басшы Азамат Есқараев пен ведомство қызметкерлері жақында қабылданған барлық заңдар бойынша заңға тәуелді актілерді әзірлеуді және осы мәселеде тиісті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз етуі тиіс екенін айтты.

Сонымен қатар, оның айтуынша, нормативтікқұқықтық актілерді сараптау сапасын арттыру, жалпы сарапшылар қоғамдастығымен белсенді өзара іс-қимыл жасау және «модельдік» заңдар нысанында жаңа заңнамалық базаны қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру

«Ел Президенті мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде шешім қабылдау процесін жеделдету міндетін қойып отыр. Мұндай тәсіл қажетті әлеуметтік және экономикалық реформаларды



жедел жүргізуге мүмкіндік береді», — деді Әлихан

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың алдында тұрған басым міндеттерді атап өткен Үкімет басшысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын сапалы іске асыру, оқу орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, саланы оқыту мен цифрландырудың озық әдістемелерін енгізу қажеттігіне назар аударды.

Оның айтуынша, мектепке дейінгі және мектептен тыс, кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі дамы-

«Білім берудің бастапқы кезеңдерінде адами капиталдың және тұтастай мемлекетіміздің одан әрі дамуының негізі қаланады. Үкімет тарапынан білім беру саласына көп көңіл бөлінеді: мұғалімдердің жалақысы көтерілуде, жаңа мектептер мен балабақшалар ашылуда, оқытудың заманауи форматтары енгізіліп жатыр. Біз саланың барлық проблемалық мәселелерін жоспарлы түрде қарап, шешім қабылдауды жалғастырамыз», — деп Әлихан Смайылов бұрынғы оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовке атқарған жұмысы үшін алғыс

Үкімет басшысы Мәдениет және спорт министрлігінің ұжымына жаңа басшы Асхат Ораловты таныстыра отырып, ведомствонын басым міндеттері Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дәріптеу, республиканың халықаралық аренадағы беделін арттыру, сондайақ спортты дамыту тәсілдерін өзгерту болып табылатынын атап өтті.

«Бұқаралық спортты дамытуға баса назар аударып, кәсіби спортшылардың жаңа буынын даярлау деңгейін көтеруіміз керек. Барлық күш-жігер осыған жұмсалуы тиіс», — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр РК Алихан Смаилов представил новых руководителей коллективам министерств индустрии и инфраструктурного развития, экологии и природных ресурсов, юстиции, просвещения, культуры и спорта.

Представляя Марата Карабаева коллективу Министерства индустрии и инфраструктурного развития, глава Правительства отметил, что он имеет большой опыт работы в сферах новых технологий, индустрии и инновационного развития. Зарекомендовал себя как высококвалифицированный специалист, способный мобилизовать необходимые ресурсы для достижения поставленных целей

«Главой государства обозначены важные задачи по стимулированию темпов роста обрабатывающей промышленности и выпуска продукции высоких переделов, а также развитию базовых отраслей индустрии, логистического потенциала и транспортной инфраструктуры», — сказал Алихан Смаилов.

При этом он добавил, что особое внимание необходимо уделить развитию геологической отрасли и привлечению инвестиций в разведку и добычу полезных ископаемых.

Представив коллективу Министерства экологии и природных ресурсов Зульфию Сулейменову, Премьер-Министр подчеркнул, что ведомству нужно активизировать работу по решению застарелых экологических вопросов, в том числе касающихся Аральского моря и Семипалатинского региона, а также по достижению задач в части управления водными ресурсами и бережного отношения к природе и животному миру.

«Необходимо добиваться поэтапного снижения выбросов крупных предприятий и стимулировать их ко внедрению соответствующих новых техно-

логий, так как от этого напрямую зависит здоровье наших граждан», — сказал Алихан Смаилов.

На встрече с коллективом Министерства юстиции Премьер-Министр отметил, что новому руководителю Азамату Ескараеву и сотрудникам ведомства нужно обеспечить разработку подзаконных актов по всем принятым недавно законам и должную межведомственную координацию в этом вопросе.

Кроме того, по его словам, требуется повысить качество экспертизы нормативно-правовых актов, активнее взаимодействовать с экспертным сообществом в целом и продолжить работу по формированию новой законодательной базы в форме «модельных» законов.

«Президент страны ставит задачу по ускорению процесса принятия решений на всех уровнях госуправления. Именно такой подход позволит оперативно проводить необходимые социальные и экономические реформы», — сказал Алихан

Обозначая приоритетные задачи перед министром просвещения Гани Бейсембаевым, глава Правительства акцентировал внимание на необходимости качественной реализации нацпроекта «Комфортная школа», обеспечения безопасности учебных заведений, внедрения передовых методик преподавания и цифровизации отрасли.

При этом, по его словам, нужно и далее поступательно развивать систему дошкольного и внешкольного, профессионального образования.

«Именно на начальных этапах образования закладываются основы человеческого капитала и дальнейшего развития нашего государства в целом. Сфере образования со стороны Правительства уделяется большое внимание: учителям повышаются зарплаты, открываются новые школы и детские сады, внедряются современные форматы обучения. Мы продолжим планомерно рассматривать и принимать решения по всем проблемным вопросам отрасли», — подчеркнул Алихан Смаилов, поблагодарив экс-министра Асхата Аймагамбетова за проделанную работу.

Представив коллективу Министерства культуры и спорта нового руководителя Асхата Оралова, глава Правительства подчеркнул, что в числе приоритетных задач ведомства – сохранение и популяризация историко-культурного наследия Казахстана, повышение авторитета республики на международной арене, а также изменение подходов к развитию спорта.

«Нам нужно делать упор на развитие массового спорта и повышать уровень подготовки нового поколения профессиональных спортсменов. Для этого должны быть приложены все необходимые усилия», — сказал Алихан Смаилов.

primeminister.kz

Повышение самостоятельности министерств и акиматов, рост экономики и снижение инфляции: Алихан Смаилов провел первое совещание в новом году

Во вторник, 3 января, Премьер-Министр РК Алихан Смаилов провел совещание по вопросам преобразования Канцелярии Премьер-Министра в Аппарат Правительства, реорганизации Министерства экологии, геоло гии и природных ресурсов, а также разработки отраслевых концепций и планов развития.

Алихан Смаилов отметил, что преобразование Канцелярии Премьер-Министра в Аппарат Правительства является важным элементом институциональных реформ, инициированных Главой государства. По его словам, усилится общая координация работы центральных и местных исполнительных органов, структурных преобра-

«Для этого будут оптимизированы структура аппарата и его функционал. Усилится экспертно-аналитическая работа, организационно-правовое обеспечение деятельности Правительства и Премьер-Министра. Аппаратом совместно с Администрацией Президента будет продолжена работа по дебюрократизации и устранению чрезмерной зарегламентированности процедур принятия решений», - сказал Алихан Смаилов

И.о. руководителя Аппарата Правительства Галымжан Койшыбаев сообщил, что работа ведомства основывается на принципах дебюрократизации, «слышащего государства» и децентрализации, а также перераспределении полномочий между уровнями госуправления

Премьер-Министр напомнил, что на согласование в Администрацию Президента внесен законопроект о децентрализации полномо-



чий между уровнями государственного управления.

Свыше 500 функций Правительства передается министерствам и акиматам. «Этим законопроектом мы усиливаем самостоятельность министров и их заместителей. Теперь все текущие отраслевые вопросы будут приниматься приказами министров», — отметил он.

Переходя ко второму вопросу повестки, Премьер-Министр напомнил, что указом Президента Министерство экологии, геологии и природных ресурсов реорганизовано в Министерство экологии и природных ресурсов. Функции и полномочия в сфере геологического изучения недр и воспроизводства минеральносырьевой базы при этом переданы в Министерство индустрии и инфраструктурного развития.

«Одной из главных задач Министерства индустрии является привлечение инвестиций в разработку недр. Нужно завершить запуск в промышленную эксплуатацию единого банка данных геологической информации», — подчер-

Министр индустрии и инфраструктурного развития Каирбек Ускенбаев отметил, что будет усилен мониторинг за состоянием недр и госконтроль за добычей полезных ископаемых, ускорится процесс принятия необходимых отраслевых решений и оцифровки бизнес-процессов.

Кроме того, по словам Премьер-Министра, в текущем месяце на запланированных коллегиях министерств будут рассмотрены все отраслевые концепции и планы разви-

Подводя итоги совещания, Премьер-Министр отметил, что перед Правительством стоят важные и амбициозные задачи: обеспечение роста экономики на 4% в реальном

выражении, снижение инфляции в 2 раза до 9,5% и привлечение прямых иностранных инвестиций в объеме \$24,4 млрд в 2023 году.

«Нашей основной целью является обеспечение роста социально-экономического развития страны, дальнейшее повышение качества жизни и благосостояния населения. От каждого из вас требуется высокая эффективность и полная отдача в принятии решений», — заключил Алихан Смаилов.

primeminister.kz.

2023 ЖЫЛҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР МЕН МЕРЕЙТОЙЛАР

Кожа Ахмет Яссауидің туғанына – 930 жыл

Қожа Ахмет Яссауи – суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі. Ақын, ойшыл, ғұлама 1093 жылы Ясы қаласында дүниеге келген. Ұстазы – Арыстан баб. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы - «Диуани хикмет».

Сұлтан Бейбарыстың туғанына – 800 жыл

Қарапайым құлдан, мемлекет билеушісіне дейін көтерілген Мәмлүк мемлекетінің төртінші султаны. Тарихқа сүйенсек, Бейбарыстың руы – қыпшақ, ол қазіргі Атырау облысының аумағында туылған. XIII ғасырдың 40-шы жылдарында, Дешті-Қыпшақ мемлекетіне моңғол әскері шабуыл жасап, тұтқынға түскен. 1260 жылы Күтіз сұлтан қайтыс болған соң, Бейбарыс таққа отырады.

Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына – 360 жыл

Дулат тайпасының жаныс руынан шыққан Төле би 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Шу өнірінде туған. Үш жүзге төбе би болған Төле би өзінің әділдігі мен шешендімен танымал.

Төле би Тәуке ханның, Абылай ханның тұсында ел арасындағы әртүрлі дауларды шешуге

Бұқар жыраудың туғанына- 330 жыл

Бұқар жырау Қалқаманұлы – XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері 1668 жылдар шамасында туған. Абылай ханның ақылшы, биі болған. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған.

халыкты жырау шығармалары отансүйгіштікке, бір орталыққа бағынған іргелі ел болуға шақырады.

Қазақтың ұлы ханы Абылайдың туғанына 310 жыл

Абылай хан (шын есімі Әбілмансұр) — 1771 1781 жылдар аралығында билік құрған Қазақ хандығының 18-ші ханы. Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі. Арғы тегі Ақ Орданың негізін қалаған Орда Ежен ханнан бастау алады. Абылай онымен қоса Ұрыс хан, Барақ хан, Әз-Жәнібек хан сияқты билеушілердің тікелей ұрпағы. Абылай хан қазақ тарихындағы бірегей тұлға Кенесары ханның атасы.

Қазақтың ұлы ханы 1781 жылы қайтыс болып, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде

Қазақтың батыры Махамбет Өтемісұлының туғанына – 220 жыл

Махамбет Өтемісұлы — қазақ халқының азаттығы, теңдігі жолында, ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен, қасық қаны қалғанша күрескен, тіпті сол жолда құрбан болған әрі батыр, әрі, ақын.

Қазақтың көрнекті ақыны 1836-1838 жылдары Исатай Тайманов бастаған шаруалар қозғалысын ұйымдастырушы тарихи қайраткер тұлғалардың

Ақын өлендерінің негізгі тақырыбы — теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына – 165

Шәкәрім Құдайбердіұлы – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды. Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы, Шыңғыстау бөктерінд е 1858 жылы, 11 шілде күні дүниеге келген.

қолбасшысы көтерілісі Ұлт-азаттық Амангелді Имановтың туғанына – 150 жыл

Аманкелді Үдербайұлы Иманов - қазақ халқының батыры. Қазақстанда 1916 жылы орын алған Ұлт-азаттық көтерілістің басшысы. Торғай уезі Қайдауыл болысының 3-ауылында кедей шаруа отбасында туған. 1918 жылы Компартия мүшесі болған.

Ұстаз,жазушы Көбеевтің Спандияр туғанына- 145 жыл

жазушысы, қайраткері, Қазақ қоғам Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеев – 1878 жылы Қостанай облысы, Меңдіқара ауданында дүниеге келген

Қазақ топырағында жарыққа шыққан тұңғыш романдарының бірі болған «Қалың мал» романының авторы. Онда қазақ ауылының әлеуметтік суреті, қазақ әйелінің тағдыры, оның теңсіздігі және жастар өмірі, ойын-той салттары туралы бейнеленген.

Алаш қозғалысының мүшесі Жұмабаевтың туғанына – 130 жыл

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев - 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы.

Мағжан қазақ поэмасын суреткерлік арнаға бұрды. Адам жанының, психология әлемінің

құпия сырларын, иірімдерін, даму диалек тикасын шеберлікпен кестелеп өрнектей білді. Әлемдік поэзияда экологиялық тақырыпты алғаш жырлаушылардың бірі ретінде де белгілі.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына – 130 жыл

Сұлтанмахмұт Торайғыров – XIX ғасырдың аяғы XX ғасыр басында қысқа да, қиын тағдыр кешкен парасатты, демократ, реалист-ақын. Ол 1893 жылы 29 қазан айында Көкшетау облысы, Қызылту ауданында дүниеге келген. Өзінің аз ғана ғұмырында лирикалық өлең, публицистикалық очерктер мен мақалалар, 5-6 поэма, екі роман жазып үлгерген, қиындықтың дәмін татқан, шебер ақын ретінде таныс.

«Қазақ» газетінің алғашқы нөмірінің шыққанына – 110 жыл

«Қазақ» газеті — 1918 - 1913 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдықсаяси және әдеби-мәдени басылым. Алғашқы нөмірі – 1913 жылы 2 ақпанда шыққан. Газеттің редакторы – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы болды.

ХХ ғасыр басында аталған газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ыкыласпен окитын басылымына айналды

Әйгілі партизан жазушы Қасым Қайсеновтің

Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, партизан-жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, халқымыздың біртуар перзенті – Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келген.

1941 жылы басқыншылар қолына түскен жазушы Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядының басқарушысы болады.

Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңін, жауынгерлердің ерлігін суреттейтін «Жас партизандар», «Ажал аузында», «Жау тылындағы бала», «Жау тылында» секілді көптеген шығармалардың

Жазушы Ғафу Қайырбековтің туғанына – 95 жыл

Fафу Қайырбеков 1928 жылы 15 тамызда Қостанай облысы, Торғай қаласында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген. Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басшысы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі секілді қызметтерді атқарған.

драматург Мұхамеджановтың туғанына – 95 жыл

Жазушы 1928 жылдың 24 желтоқсанында Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы Шіркейлі ауылында дүниеге келген.

1959 жылы М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында «Бөлтірік бөрік астында» атты тұңғыш драмалық туындысы қойылды

Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына - 80

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі – Оралхан Бөкей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданына Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.

Оралхан Бөкей – жазушы, тург. Әдебиетке өзіндік өрнегін сала келген жазушы оқырманын өзгеге ұқсамайтын ерекшелігімен таңқалдырған жазушы. 1970 жылы Алматыда жарық көрген «Қамшыгер» атты повестер мен әңгімелерінің тұңғыш жинағы жазушы есімін көпке таныс етті.

Мұрат Әуезовтің туғанына – 80 жыл

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов – 1943 жылы қаңтар айының 1 жұлдызында Жамбыл облысы, Меркі кентінде дүниеге келген. Ол – мәдениеттанушығалым, дипломат, мемлекет және қоғам кайраткері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тарлан сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, ҚР Журналистика академиясының академигі, заңғар жазушы Мұхтар Омарханулы Әуезовтің баласы.

Теңгенің қолданысқа енгеніне – 30 жыл

1993 жылдың 12 қарашасында Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» жарлығы шықты. Бұған дейін екі жыл бойы теңгені қолданысқа енгізуге күрделі дайындық жүргізілген еді. Нәтижесінде 1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстанның Ұлттық валютасы теңге айналымға енді. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сағат 8.00-де басталып, 20 қарашада сағат 20.00-де аяқталды.

